

### А

**АВИАБИЛЕТТЕРДІҢ ТАРИФТЕРІ** – ұсынылатын қызметтердің деңгейіне, авиабилеттерді пайдалану, айырбастау және қайтару шарттарына байланысты авиатасымалдарды төлеудің сараланған жүйесі. Кейбір тарифтердің түрлері: экскурсиялық – брондау кез келген күні, кері күн тарифтің әрекет ету мерзімі шегінде ашылуы мүмкін, билетті кез келген уақытта аз ақша соманы төлеумен тапсыру. Жастар тарифі – негізгі экскурсиялық тарифтің 20% жеңілдікпен сатылады. Топтық жеңілдік тарифі – 6 күннен бастап 1 айға дейін болатын 6-10 адамнан тұратын топ үшін тарифі. АРЕХ – брондау кем дегенде 7 күн бұрын басталады, ұшып шығу және қайту күні қатаң белгіленген, билеттерді 7 күн ішінде тапсыру кезіндегі айыппұл – 50%, билеттерді кешірек тапсыру кезінде ақша қайтарылмайды. РЕХ – брондау кез келген уақытта, ұшу күні қатаң тіркеледі, билет ұшу тіркелгенге дейін қайтарылғанда айыппұл 50%.

**АВИАКОМПАНИЯЛАРДЫҢ БОНУСТЫҚ ЖҮЙЕСІ** – ұшу ұзақтығының, ұшу сағаттарының және т. б. белгіленген санының көрсеткіштеріне қол жеткізгені үшін нақты авиакомпанияның клиенттері үшін сыйақы жүйесі.

**АВИАТАРИФ** – бұл бір жолаушыны ұшақпен белгілі бір қашықтыққа тасымалдау құны. Халықаралық тасымалдарда олар жеке, топтық, әдеттегі және арнайы авиатарифтерге бөлінеді.

**АҒЫЛШЫН ТАҒҒЫ АС** – толық таңғы ас, әдетте жеміс шырыны, жұмыртқа, тост, май, джем, кофе немесе шай беріледі.

**АМЕРИКАНДЫҚ ЖОСПАР** – қонақ үй тарифі, оған орналастыру және үш реттік тамақтану құны кіреді.

**АННУЛЯЦИЯ** – туристік сапардың күшін жою.

**АПАРТ ҚОНАҚ ҮЙІ** – нөмірлері апартаменттерден тұратын қонақ үйі.

**АПАРТАМЕНТТЕР** – тамақ дайындауға арналған орындарды қамтитын қазіргі заманғы қалауы бойынша пәтерге ұқсайтын қонақ үйдегі нөмірлердің түрі.

**АРАЛАС БИЛЕТ** – екі және одан да көп көлік құралдарын пайдалануға мүмкіндік беретін жол жүруге арналған билет.

**АШЫҚ БИЛЕТ** – ашық кету күні бар билет. Жолаушы билетті кешірек уақытқа (күніне) брондай алады.

### Б

**БАЖСЫЗ ӘКЕЛІМ** – тиісті елдің кедендік шекарасы арқылы заттарды әкелу баждарын салмай өткізу үшін рұқсаттама. Әдетте ақылға қонымды шектердегі жеке тұрмыстық заттар бажсыз өтеді.

**БАСБОЙ** – мейрамхана, бардың кіші қызметшісі (суды төгу, үстелдерді, пепельницаларды жинау және т.б.).

**БӘРІ ҚОСУЛЫ (all inclusive)** – тамақтану, сусындар мен басқа жекелеген қызмет түрлеріне қосымша ақы төлеуге талап етпейтін қонақ үйлердегі қызмет көрсету жүйесі. Осы қызмет көрсету жүйесінің бір түрі max inclusive жүйесі болып табылады, онда қосымша қызметтер тізімі кеңейтілуі және саунаны, шаштаразды тегін пайдалануды, спорттың әртүрлі түрлерімен айналысуды қамтуы мүмкін.

**БЕЛЛМЭН** – жүк тасушы әрі қонақтардың тапсырмаларын орындайтын қонақ үй қызметкері.

**БЕРМУД ЖОСПАРЫ** – бағасы таңғы ас және бөлмені қамтитын қонақ үй қызметтерін ұсыну әдісі.

**БИЗНЕС-ТУР** – іскерлік адамдарға қажетті саяхат түрі, ерекше қызмет көрсетуді қажет ететін болуы мүмкін, мысалы, келіссөздер бөлмесі, хатшылар қызметтері.

**БЛОК ЧАРТЕРІ** – бір немесе бірнеше тұрақты рейстерге көлік құралының белгілі бір бөлігін жалға алу.

**БОТЕЛЬ** – судың үстіндегі шағын қонақ үйі.

**БРОНДАУ** – белгілі бір туристке (жолаушыға) қонақ үйлердегі немесе көлік құралдарындағы орындарды, мәдени-ойын-сауық мекемелеріне билеттерді белгілі бір күнге алдын ала бекіту.

**БУНГАЛО** – туристерді орналастыру үшін пайдаланылатын жеке құрылыс, әдетте тропикалық және оңтүстік елдерде жиі ұсынылады.

## **В**

**ВАУЧЕР** – туристің нақты қызмет түрлерін: қонақ үйде тұру, тамақтану, экскурсиялық қызмет көрсету, көлік және т. б. қызметтерін төлегенін растайтын туристік немесе көлік фирмамен берілетін құжат.

**ВИЗА** – шетелдік Үкіметтің тиісті органдарының осы мемлекеттің аумағына кіруге, кетуге, тұруға немесе жол жүруге арнайы рұқсаты.

## **Г**

**ГИД (гид-аудармашы)** – уақытша болатын елдегі (жердегі) туристік ресурстармен танысу бойынша туристерге экскурсиялық-ақпараттық, ұйымдастыру қызметтерін көрсететін кәсіби дайындалған жеке тұлға.

## **Д**

**ДАЙВИНГ** – аквалангпен су астына жүзу.

**ДЬЮТИ-ФРИ (duty free)** – әуежайларда, ұшақтардың борттарында, паромдарда және басқа да көлік құралдарында немесе шетелдіктер келетін жекелеген жерлердегі бажсыз сауда жүйесі (әдетте, темекі, шарап, парфюмерия және кәдесыйлар).

## **Е**

**ЕРІП ЖҮРУШІ** – туристік фирманың қызметкері, оның міндетіне маршрут бойынша туристерді алып жүру, орналастыруды, тамақтануды және тасымалдауды ұйымдастыру кіреді.

**ЕСЕПТІК САҒАТ** – тәуліктің басталу (аяқталу) сәті (әдетте сағат 12.00), ол басталғанға дейін қонақ үй клиенті нөмірді босатуға немесе келесі түнеуді толық әрі ішінара төлеуге міндетті.

**ЕУРОЛАЙН** – 35 ірі еуропалық автобус компанияларын біріктіретін халықаралық тасымалдаушылар қауымдастығы. Еуролайн жүйесі Еуропаның ең ірі 21 қалаларын біріктіреді. Еуропа бойынша Еуролайн-пас арнайы жол жүру билетін пайдалану кезінде жолаушылар автобус рейстеріне 30 күннен 60 күнге дейін жас шектеуінсіз елеулі жеңілдіктер ала алады.

**ЕУРОПАЛЫҚ ЖОСПАР** – тек орналастыру құнын қамтитын (тамақтандыру құнынсыз) қонақ үй тарифі.

## **Ж**

**ЖАҒАЛАУДАҒЫ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ** – круиз қатысушыға оның тұрағы кезеңіндегі круиз кемесінің кіру порттарында ұсынылатын қызметтер жиынтығы (экскурсиялар, театр қойылымдары және т.б.).

**ЖАРНАМАЛЫҚ ТУР** – турагенттіктер және (немесе) авиакомпанияның қызметкерлері үшін олардың белгілі бір туристік маршруттармен және орталықтармен танысу мақсатында ұйымдастырылатын тегін немесе жеңілдікті тур.

**ЖАРТЫЛАЙ ПАНСИОН** – қонақ үйлердегі тамақтану түрі, онда таңғы ас және кешкі ас немесе таңғы ас және түскі ас тұру құнына енгізілген.

**ЖАСЫЛ ДӘЛІЗ** – міндетті түрде кедендік декларациялауға жатпайтын заттармен шекараны кесіп өту орны.

**ЖЕКЕ ТУР** – клиент (немесе шағын топ) өз қалауы бойынша тапсырыс берген туристік қызметтердің белгілі бір жиынтығы бар тур, оған орналастыру, тамақтану, трансфер, экскурсиялық және ойын-сауық бағдарламалары кіреді.

**ЖОЛЖҮКТІҢ АРТЫҚ САЛМАҒЫ** – авиакомпания белгілеген тыс шегінен жолжүктің артылығы (салмағы мен көлемі бойынша), жолаушылар оны тасымалдау үшін қосымша ақша төлейді.

**ЖОЛЖҮКТІҢ НОРМАСЫ** – авиакомпаниямен тегін тасымалдауға қабылданатын жүктің ең жоғары салмағы немесе габариті.

**ЖОЛЖҮК ТҮБІРТЕГІ** – авиакомпания ресімдейтін және багажды тіркеу кезінде жолаушыға берілетін авиакомпанияның осы багажды тасымалдауды және оны тасымалдау аяқталғаннан кейін жолаушыға беруді өзіне алатынын растайтын ресми құжат.

**ЖОЛ ЧЕГІ** – жазылған валютада қолма-қол ақшаға немесе қолданылып жүрген бағам бойынша шетел валютасындағы баламалы сомаға айырбастауға мүмкіндігі бар банктік төлем құралы.

**ЖОСПАР КАРТАСЫ** – каюталарда немесе купедегі орындардың орналасу схемасы.

## **И**

**ИНКЛЮЗИВ-ТУР** – жеке немесе топтық турдың негізгі түрі. Әдетте, бағыт, уақыт, мерзім, қызмет көрсету сапасы бойынша қатаң жоспарланған сапар болып табылады, ол тұтынушыға элементтерге бөлінбейтін тауар ретінде қызмет көрсету және маршрут бойынша жол жүру құнын қамтитын жалпы баға бойынша сатылады.

**ИНТЕР-РАЙЛ** – билетте белгіленген мерзім және аймақ ішінде шектеусіз жүруге мүмкіндік беретін темір жол көлігіндегі жол жүру билеттерінің жүйесі.

**ИНФРАҚҰРЫЛЫМ** – белгілі бір аумақта толық өмір сүру үшін қажет нәрселердің барлығы: жолдар, автомобильдерге арналған тұрақтар, ағынды суларды дренаждау, кәріз жүйесі, су құбыры, электр қуаты және т.б. Оны туристер мен жергілікті тұрғындар пайдаланады. Өзінің дамуы бойынша ол суперқұрылымның дамуын басып озуы тиіс.

## **К**

**КАБОТАЖДЫҚ БАҒА** – белгілі бір елдің ішінде саяхат жасайтын тұрғындары үшін төмендетілген баға.

**КАЙОНИНГ** – жүзу құралдарын қолданбай, гидрокостюмдерде тау өзендері мен сарқырамалар бойынша түсу.

**КЕДЕН** – шекара арқылы өткізілетін тауарлар мен жеке заттарды бақылау мен өткізуді және кеден бажын алуды жүзеге асыратын мемлекеттік мекеме.

**КЕДЕН БАЖЫ** – қандай да бір елдің шекарасы арқылы өткізілетін кейбір тауарларға салынатын салық.

**КЕДЕНДІК ДЕКЛАРАЦИЯ** – туристер тарапынан кеден биліктеріне шекарадан өткен кезіндегі туристердің тасымалдайтын заттары туралы мәліметтер қамтылған жазбаша немесе ауызша өтініші (өтініш хаты).

**КЕДЕНДІК ЖЕҢІЛДІКТЕР** – баж салынатын заттарды немесе тауарларды елге әкелуге кедендік баж төлеуден ішінара немесе толық босатуы; белгілі бір заттарды немесе тауарларды елден әкетуге шектеулерді ішінара немесе толық алып тастауы.

**КЕЗДЕСУ ЖӘНЕ ШЫҒАРЫП САЛУ** – туристерге оларды т/ж вокзалынан, аэро-немесе теңіз порттарынан қонақ үйге және кері жеткізу кезінде ұсынылатын қызметтер жиынтығы (аудармашының көмегі, бағажды жеткізу, автокөлік).

**КЕЛУ КАРТОЧКАСЫ** – басқа елге ұшақпен немесе теплоходпен келетін жолаушымен толтырылатын және шекара қызметіне тапсырылатын арнайы бланк.

**КЕМПЕР** – автокөлікпен саяхаттайтын және кемпингті пайдаланатын турист.

**КЕМПИНГ** – шатырлармен немесе басқа жазғы түріндегі жеңіл құрылымдармен (мысалы, бунгало), автомобиль тұрағымен, сумен қамтамасыз ету және кәріз жүйесімен әрі тамақ дайындауға арналған құралдармен жабдықталған автотуристерге арналған лагерь.

**КЕРУЕН ТУРИЗМІ** – орналастыру құралы ретінде өздігінен жүретін немесе автомобильге бекітілген фургон (керуен) пайдаланылатын автотуризм түрі.

**КЕШЕНДІ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ** – әдетте кездесу мен шығарып салуды, қонақ үйге орналастыруды, тамақтану мен экскурсиялық қызмет көрсетуді қамтитын туристік қызметтердің стандартты жинағы.

**КЛАСС** – жолаушыларға (туристерге) ұсынылатын қолайлылық дәрежесіне байланысты белгіленетін жолаушылар темір жол вагондарының, теплоходтардағы каюталардың, ұшақтағы орындардың разряды.

**КОМИССИЯЛЫҚ** – туроператорлық және көлік компанияларының иелері (және басқалар) турагенттерге туристік қызметтерді, авиакомпаниялардың қызметтерін және т. б. қызметтерді сатқаны үшін ұсынатын сату бағасынан жоғары пайызбен айқындалатын ақша сомасы.

**КОНТИНЕНТАЛЬДЫ ТАҢҒЫ АС** – шырын, тоқаш, май және джем, кофе немесе шайдан тұратын жеңіл таңғы ас.

**КРУИЗ** – тасымалдау, орналастыру, тамақтану, ойын-сауық және т.б. құралдары ретінде пайдаланылатын теплоходтағы теңіз немесе өзендік туристік сапары, соның бағдарламасына жағалаулық қызмет көрсету кіреді.

**КУРОРТ** – демалыс кезінде рекреациялық және ойын-сауық мақсаттармен келетін қонақтарға арналған қонақ үйі.

**КІРУ ПОРТЫ** – теңіз жолаушылар кемесінің маршрутында көзделген аралық тұрақ пункті.

## Қ

**ҚОЛ ЖҮК** – авиакомпания жолаушыға қосымша төлемсіз өзінмен бірге тасымалдауға рұқсат еткен заттар, қол жүгін сақтау жауапкершілігі жолаушының өзіне жүктеледі.

**ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ БЮРОСЫ** – әртүрлі ақпараттық сервисті, валюталық-қаржылық операцияларды, көлік билеттерімен қамтамасыз етуді жүзеге асыратын қонақ үйдегі бюро.

## М

**МАНИФЕСТ** – теңіз жолаушылар кемесінің команда мүшелері мен жолаушыларының паспорт деректерімен тізімі.

**МАРШРУТ** – саяхатшылардың (туристердің) немесе көлік құралдарының алдын ала белгіленген жүру жолы.

**МАУСЫМ ШЫҢЫ** – белгілі бір елдің туристік қызмет көрсету саудасы және олардың бағалары ең жоғары болатын кезі (жыл уақыты).

**МОДИФИКАЦИЯЛЫ АМЕРИКАНДЫҚ ЖОСПАР** – орналастыру және екі реттік тамақтану (таңғы ас және түскі ас, таңғы ас және кешкі ас) құнын қамтитын қонақ үй тарифі.

**МОТЕЛЬ** – гаражбен, техникалық қызмет көрсету станциясымен, автожанармай құю станциясымен және басқа да автотуристерге қажетті қызметтермен жабдықталған автострадта орналасқан автотуристерге арналған қонақ үйі.

## О

**ОВИР** (Отдел виз и регистрации) – визалар және тіркеу бөлімі. Жалпыазаматтық аудандық, облыстық және республикалық ОВИР) және дипломатиялық (СІМ-да) шетелдік паспорттарды беруді жүзеге асырады.

**ОТБАСЫЛЫҚ ЖОСПАР** – бірге саяхат жасайтын бір отбасы мүшелеріне қонақ үйлердің кейбір елдерінде орналастыру құнынан жеңілдік жүйесі.

**ОТЫРҒЫЗУ ТАЛОНЫ** – жолаушыларға әуе және теңіз желілерінде берілетін карточка, олар оны отырғызу кезінде бақылау қызметіне тапсыруға міндетті.

**ОФЕРТА** – шарттары бар мәміле жасауға ресми ұсыныс.

## Ө

**ӨЗ БЕТІНШЕ ТУРИЗМ** – туристер өз бетінше ұйымдастыратын, жүріп-тұрудың белсенді тәсілдері пайдаланылатын саяхаттар.

## П

**ПАНСИОН** – қонақтарға қызмет көрсетуді әдетте сол ғимаратта тұратын иесі немесе отбасы қамтамасыз ететін шағын жеке қонақ үй (5-10 нөмірі бар).

**ПАРКИНГ** – автокөлік тұрағы үшін орын.

**ПАРОМ** – су қоймалары (теңіз, төгілу және т. б.) арқылы тасымалдау кезінде жолаушылар мен көлік құралдарын (автомобильдерді, т/ж вагондарын және т.б.) тасымалдау үшін арнайы жабдықталған өздігінен жүретін кеме.

**ПЛАЦКАРТА** – жол жүру билетіне қосымша карточка немесе алыс жол жүру поезында белгілі бір орынды иелену құқығына арналған т/ж квитанциясы.

**ПОРТТЫҢ ЖИНАЛЫМДАРЫ** – қандай да бір қалаға немесе елге келген кезде, қандай да бір қаладан немесе елден кеткен кезде, теңіз, өзен порты немесе әуежай арқылы өткен жағдайда жолаушылардан алынатын алым.

**ПЭКИДЖ-ТУР** – жалпы сату құны оның элементтерінің құнына тең болатын қызметтердің кейбір жиынтығын (тасымалдау, орналастыру, тамақтандыру, экскурсиялар және т.б.) қамтитын кез келген тур (жеке немесе топтық).

## Р

**РАФТИНГ** – моторлы құралдармен жабдықталмаған қайықтарда, катамарандарда немесе салдарда тау өзендері бойынша жүзу.

**РЕКЛАМАЦИЯ** – наразылық; екінші тараптың өз міндеттемелерін (толық немесе ішінара) орындамағандығы туралы бір тараптың мәлімдемесі және соған байланысты тиісті өтемақы алу туралы талабы.

**РЕЦЕПЦИЯ** – қонақ үй қонақтарын қабылдау, тіркеу және ресімдеу үшін жалпы зал немесе бөлме, нөмірлердің кілтін беретін және қабылдайтын, қонақ үй қонақтарының түрлі тапсырмаларын орындайтын кезекші портъелердің тұратын орны.

**РОТЕЛЬ** – жылжымалы қонақ үй – вагон.

## С

**САҚТАНДЫРУ** – Сақтандыру шарттары сақтандыру полисінде жазылады. Сақтандыру полисі ауырған немесе жарақат алған жағдайда кепілді медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз ететін құжат болып табылады. Кейбір елдер сақтандырудың болуын талап етеді.

**САФАРИ** – аң аулау немесе жергілікті табиғатпен танысу мақсатында туристік сапар, әдетте Орталық Африка елдерінде болады.

**СКИ-ПАСС** – тау шаңғысымен немесе сноубордпен түсу үшін белгілі бір жерде көтергіштерді пайдалануға рұқсат немесе рұқсаттама.

**СНОУБОРД** – тау баурайларындағы қар бойымен арнайы жабдықталған тақтамен түсу.

## Т

**ТАЙМШЕР** – кез-келген жерде орналасқан нөмірді ұзақ мерзім ішінде бір-екі аптаға пайдалану (орналасу) құқығын сатып алу.

**ТАКС-ФРИ (tax free)** – шетелдіктердің тауарды сатып алуы мен әкетуі кезінде бірқатар елдерде қосылған құн салығын ішінара қайтару жүйесі. Әдетте, белгілі бір сомадан артық тауарды сатып алған кезде ірі дүкендерде қолданылады. Ақша шекарадан өткен кезде немесе тұрақты тұратын елде қайтарылуы мүмкін.

**ТАНЫСУ САПАРЫ** (жарнамалық немесе ақпараттық тур) – турагенттіктер және (немесе) авиакомпанияның қызметкерлері үшін белгілі бір туристік маршруттармен және орталықтармен танысу мақсатында ұйымдастырылатын тегін немесе жеңілдікті тур.

**ТЕМІР ЖОЛ КРУИЗИ** – поезды пайдалану арқылы айналмалы маршрут бойынша бірнеше күн ішінде орнын ауысу үшін ғана емес, сонымен қатар туристерге маршрут бойынша аялдамаларда экскурсиялар өткізу, орналастыру, тамақтандыру және т.б. қызметтерді ұсыну үшін темір жол туристік сапары.

**ТОЛЫҚ ПАНСИОН** – тұру құнына 3 немесе 4 реттік тамақтану кіретін қонақ үйлердегі тамақтану түрі.

**ТОПЛЕС** – купальникті жоғарғы бөліксіз пайдалану (кейбір елдерде ұсынылмайды немесе соған тыйым салынады).

**ТРАНЗИТ** – жолаушыларды (туристерді) бір елден екіншісіне аралық ел арқылы тасымалдау.

**ТРАНСФЕР** – туристерді туристік орталықтың ішінде тасымалдауы (вокзалдан, әуежайдан немесе теңіз портынан қонақ үйге жеткізу және кері апару; бір вокзалдан, аэро - немесе теңіз портынан басқасына жеткізу; қонақ үйден театрға жеткізу және кері апару).

**ТРЕККИНГ** – қатысушылардың арнайы дайындықсыз қиылысқан жерден өтетін жаяу жорықтар.

**ТУР** – белгілі бір мерзімдер шеңберінде белгілі бір маршрут бойынша саяхатты қамтитын туристік қызметтер кешені. Саяхаттың жеке және топтық түрлері болады.

**ТУРИЗМ** – жеке тұлғалардың уақытша болатын елде (жерде) жиырма төрт сағаттан бір жылға дейін не жиырма төрт сағаттан аз уақытқа созылатын, бірақ түнейтін, ақылы қызметпен байланысты емес мақсаттағы саяхаты.

**ТУРИЗМ НҰСҚАУШЫСЫ** – тиісті біліктілігі және туристік маршруттардан өту тәжірибесі бар, кәсіби даярланған жеке тұлға.

**ТУРИСТ** – уақытша болатын елге (жерге) жиырма төрт сағаттан бір жылға дейінгі кезеңге келетін және ақылы қызметпен айналыспай, сол елде (жерде) сауықтыру, танымдық, кәсіби-іскерлік, спорттық, діни және өзге де мақсаттарда кемінде бір рет түнейтін жеке тұлға.

**ТУРИСТЕРДІ ОРНАЛАСТЫРУ ОРЫНДАРЫ** – қонақ үйлер, мотельдер, кемпингтер туристік базалар, қонақ үйлер, демалыс үйлері, пансионаттар және туристердің тұруы және оларға қызмет көрсету үшін пайдаланылатын басқа да ғимараттар мен құрылыстар.

**ТУРИСТІК АГЕНТТІК ҚЫЗМЕТ (ТУРАГЕНТТІК ҚЫЗМЕТ)** – қызметтің осы түріне лицензиясы бар жеке және (немесе) заңды тұлғалардың туристік өнімді ұсыну және өткізу жөніндегі қызметі.

**ТУРИСТІК ЖОЛДАМА** – туристік қызмет көрсету кешенін алуға құқықты растайтын құжат.

**ТУРИСТІК ҚЫЗМЕТ** – жеке немесе заңды тұлғалардың туристік қызмет көрсету жөніндегі кәсіпкерлік қызметі.

**ТУРИСТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ КЕЛІСІМШАРТЫ** – туроператор немесе турагент және турист арасындағы туристік қызметтерді ақылы түрінде көрсету жөніндегі келісім.

**ТУРИСТІК ҚЫЗМЕТТЕР** – туристің туристік саяхаты кезінде және осы саяхатқа байланысты ұсынылатын қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қажетті қызметтер (орналастыру, тасымалдау, тамақтандыру, экскурсиялар, туризм нұсқаушыларының, гидтердің (гид-аудармашылардың) қызметтері және сапар мақсатына байланысты көрсетілетін басқа да қызметтер).

**ТУРИСТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІ СЕРТИФИКАТТАУ** – туристік фирманың ұсынылатын өнімдерінің сапасын тексеру рәсімі.

**ТУРИСТІК НАРЫҚ** – туристік қызмет саласындағы тауарлар (жұмыстар, қызметтер) мен ақша айналысы.

**ТУРИСТІК ОПЕРАТОРЛЫҚ ҚЫЗМЕТ (ТУРОПЕРАТОРЛЫҚ ҚЫЗМЕТ)** – қызметтің осы түріне лицензиясы бар жеке және (немесе) заңды тұлғалардың туристік өнімді қалыптастыру, оны туристік агенттер мен туристерге ұсыну және өткізу жөніндегі кәсіпкерлік қызметі.

**ТУРИСТІК ӨНІМ** – саяхат барысында туристің қажеттіліктерін қанағаттандыруға жеткілікті туристік қызметтердің жиынтығы.

**ТУРИСТІК ӨНІМДІ ҰСЫНУ** – туристік қызмет көрсетуге бағытталған шаралар кешені (жарнама, мамандандырылған көрмелер мен жәрмеңкелерге қатысу, туристік өнімді сату бойынша туристік ақпараттық орталықтарды ұйымдастыру, каталогтар, буклеттер шығару және тарату).

**ТУРИСТІК РЕСУРСТАР** – туристік көрсету объектілерін қамтитын табиғи-климаттық, тарихи, әлеуметтік-мәдени, сауықтыру объектілері, сондай-ақ туристердің рухани қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын, олардың дене күшін қалпына келтіріп, дамытуға жәрдемдесетін өзге де объектілер.

**ТУРИСТІК ҰЙЫМДАР** – қызметінің негізгі түрі туристік қызмет болып табылатын заңды тұлғалар.

**ТУРИСТІК ФИРМА** – тұтынушыларға туристік қызметтерді өткізуді жүзеге асыратын кәсіпорын. Туристік фирма орындайтын функцияларға байланысты олар турагенттер мен туроператорларға бөлінеді.

**ТУРҚҰЖАТТАР** – туристерге нақты туристік қызметтер ұсынылатын бірінші қызмет көрсету пунктіндегі (қонақ үй талондары, тамақтану және экскурсияға арналған талондар) ваучерге айырбастау үшін оларға қызмет көрсететін туристік фирмамен берілетін құжаттар.

**ТУР ҰЙЫМДАСТЫРУШЫСЫ** – туристік фирма ұсынатын турға қатысу үшін туристер тобын жинайтын жеке тұлға (кей кезде турагент) немесе ұйым. Әдетте, тур ұйымдастырушысына осы бағыт бойынша тегін жол жүру мүмкіндігі берілуі мүмкін.

**ТҰЙЫҚ АЙНАЛМА МАРШРУТ** – жолаушыларды баратын жеріне дейін және кері қарай бағытта бір көлік түрімен тасымалдайтын айналмалы маршрут.

**ТҰРАҚТЫ РЕЙС** – алдын ала жарияланған кестеге сәйкес белгіленген мерзім ішінде тұрақты орындалатын рейс.

**ТІКЕЛЕЙ РЕЙС** – жолаушы ұшу пунктінен келу пунктіне дейінгі барлық жол бойында ауыстырып қонбайтын рейс.

**ТІРКЕУ КАРТОЧКАСЫ** – бірқатар елдерде шекаралық билік орындары елге кіру кезінде уақытша келушілерге беретін және олар елден шығу кезінде шекаралық билік орындарына қайтаратын, осы келушілерді бұл елдің билік орындарының тіркеуін растайтын құжат.

## У

**УӘКІЛЕТТІ ОРГАН** – туристік қызмет саласындағы мемлекеттік басқару функцияларын жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының Үкіметімен айқындайтын орталық атқарушы орган.

## Ұ

**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ТУРИЗМ** – туристік фирмалар стандартты немесе туристің өзі дайындалған маршрут бойынша ұйымдастыратын сапар

**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛМАҒАН ТУРИЗМ** – туристік өткізу аппаратының көмегінсіз туристердің өздері ұйымдастыратын әуесқой сапарлары; қызметтерге ақы төлеу оларды пайдалану шамасына қарай жүргізіледі.

**ҰШУ КУПОНЫ** – авиакомпанияның жолаушыға оның ішінде көрсетілген учаскеде тасымалдауын қамтамасыз ететін билеттің бір бөлігі.

## Ф

**ФОРС-МАЖОР** – міндеттемені орындауға жауапты тарап басталуының алдын ала алмауы мүмкін емес және оның орындалмауының себебі болып табылатын мән-жайлар.

**ФОРТУНА ЖҮЙЕСІ** – нақты қонақ үйді көрсетпей туристік қызметтер пакетін жеңілдікпен сату, оның атауы демалыс орнына келген кезде белгілі болады.

**ФОТОСАФАРИ** – сирек кездесетін жануарлар мен өсімдіктерді табиғи мекендейтін жерлерде суретке түсіру мақсатындағы туристік сапар.

**ФРАНШИЗА КЕЛІСІМШАРТЫ** – туристік қызмет өндірушінің құқықтары мен артықшылықтарын беруге және оларды іске асыруға (өткізуге) келісімшарты.

**ФРАХТОВАНИЕ** – чартер бойынша шарт жасасу.

## Х

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТУДЕНТТІК БИЛЕТ** – туристік сапарлар кезінде студенттердің бірқатар жеңілдіктерін алуы үшін университетте немесе басқа жоғары оқу орнында оқу фактісін растайтын белгілі бір нысандағы құжат.

**ХОСТЕЛ** – шағын қызмет жиынтығы бар қонақ үйлердің бір түрі.

## Ч



**ЧАРТЕР** – көлік құралының (теплоход, ұшақ, автобус және т.б.) иелері мен жалдаушы арасындағы барлық көлік құралын немесе оның бір бөлігін белгілі бір рейске немесе мерзімге жалға алу келісімшарты.

**ЧАРТЕРЛІК РЕЙС** – тек бір ұйымға жататын адамдардың арнайы тобына тапсырыс берілетін немесе біреудің атынан ұйымдастырылатын (мысалы, туроператор) рейс. Чартерлік рейстер кесте бойынша тұрақты рейстерден әлдеқайда арзан. Бұл рейстер тұрақты рейстерді орындайтын ұшақтармен немесе қосымша ұшақтармен жүзеге асырылуы мүмкін.

### Ш

**ШЕНГЕН ВИЗАСЫ** – үш айға дейінгі мерзімге берілетін және визаның қолданылу мерзімі ішінде Шенген тобы мемлекеттер аумағында (Германия, Франция, Бельгия, Голландия, Люксембург, Испания, Португалия, Италия және т.б.) бөгетсіз жүріп тұруға мүмкіндік беретін бірыңғай виза.

**ШВЕД ҮСТЕЛІ** – келушілердің бірыңғай орташаландырылған ақыға өз қалауы бойынша залда алдын ала қойылған тағамдардың ішінен кез келген тағамды алатынымен ерекшеленетін мейрамханалардағы, дәмханалардағы өзіне-өзі қызмет көрсету түрі.

**ШОП-ТУР** – болатын елге тән тауарлардың белгілі бір түрлерін сатып алу мақсатындағы туристік сапар.

### Э

**ЭКСКУРСАНТ** – уақытша болатын елдегі (жердегі) туристік ресурстарды танымдық мақсатта жиырма төрт сағаттан аспайтын уақытқа барып көретін жеке тұлға.

**ЭККУРСИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ** – уақытша болатын елдегі (жердегі) туристік ресурстарға танымдық мақсатта келуді ұйымдастыру жөніндегі кәсіпкерлік қызмет, ол туристерді орналастыру (түнету) жөніндегі қызметті көздемейді және жиырма төрт сағаттан аспайтын мерзімді қамтиды.

**ЭККУРСОВОД** – уақытша болатын елдегі (жердегі) туристік ресурстармен таныстыру жөнінде туристерге экскурсиялық-ақпараттық, ұйымдастырушылық қызмет көрсетуге сай біліктілігі бар, кәсіби даярланған жеке тұлға.

### В

**BACK OF THE HOUSE** – Көрінбейтіндей орналасқан қызмет көрсету қызметтері.

**BED OCCUPANCY** – Сатуға мәлімделгендердің санына жатын орындар санының ұтымды қатынасы (орташа жүктеме).

**BLANKET RESERVATION** – Топтарға арналған бөлменің (блоктың) белгілі бір санын жоспарлауы.

**BRUNCH** – Таңғы астан кейін, бірақ түскі асқа дейін және екеуін алмастыратын тамақ ішу кезі.

### С

**CABANA** – Негізгі ғимараттан бөлек тұрған және кейде жатын бөлме ретінде жабдықталған бунгало типті жағажайдағы (немесе бассейн жанындағы) құрылыс.

**COMPLIMENTARY TICKET** – Тегін жол жүру.

**COMMERCIALY IMPORTANT PERSONS (маңызды коммерциялық тұлға)** – басқа жолаушылармен салыстырғанда артықшылықты пайдалануға құқық беретін арнайы құжатты сатып алушы.

## D

**DELUXE** – Қонақ үйдің люкс түрі (жеке ванна және толық қызмет).

**DUTY-FREE GOODS** – Кеден салығы салынбайтын тауарлар.

**DOUBLE-UP** – Қос қоныстандыру жүйесін ұйымдастыру (бейтаныс адамдар бір нөмірді қондыру кезінде әкімшілікте арнайы стендте 2 карточка (чек) осы бөлменің нөмірінің астындағы қалтасында сақталады).

## E

**ENDORSEMENT** – Авиабилетті басқа ұшаққа ауыстыру немесе қайта тіркеу мүмкіндігі бар өкілеттіктер.

## F

**FULL HOUSE (толық үй)** – Термин қонақ үйді 100% жүктеуді білдіреді (барлық нөмірлер сатылған).

**FREE PORT** – Туристер тауарларды кедендік баждарды төлемей сатып ала алатын порт.

**FRONT DESK (фронтдеск)** – Қонақ үй әкімшісінің тағаны, қонақтар тіркелетін жер.

## G

**GRAND MASTER** – Сыртта жабылған барлық қонақ бөлмелерін ашатын бір кілт.

**GUEST HISTORY (CARD)** – Бөлмені, төлемді, ерекше қажеттіліктерді, несиені қамтитын қонақ келудің толық бағдарламасының жазбасы.

## H

**HOUSE KEEPER'S REPORT** – Кеңсенің фронтындағы жазбалары бар парақ, онда бөлмелердің жай-күйі туралы нақты мәліметтер (жинау, жөндеу және т.б.) көрсетілген.

**HOTEL GARNI** – Мейрамхана жоқ қонақ үй (тіпті таңғы ассыз).

## I

**INCLUSIVE TERMS** – Орналастыру және тамақтандыру (үшреттік) тарифі.

## J

**JUNIOR SUITE** – күндіз қонақ бөлмеге айналатын қоршалған ұйықтайтын орыны бар үлкен бөлме.

## L

**LUGGAGE PASS** – Туристке қонақ үйден багажды алып шығуға құқық беретін карта.

## M

**MASTER KEY** – Қабаттағы барлық бөлмелердің барлық кілттерін ауыстыратын бір кілт, оны басқаша қабат кілті деп атайды.

**MYSTERY TOUR** – Таудағы баспана (тау туризмде қолданылады).

**MOST IMPORTANT PERSON** – Аса маңызды тұлға.

**N**

**NO-SHOW EMPLOYEES** – Қонақ болмаған кезде жұмыстарды жүргізуді қарастыратын тәртіп бойынша жұмыс істейтін қызметкерлер.

**O**

**OUT OF ORDER** – Бөлме жабдықтарының бұзылуы, ақауы себептерден қоныстануға дайын емес.

**P**

**PARTY TICKET** – Топтық билет.

**R**

**RACK RATE** – Нөмір құнының толық тарифі (жеңілдіктерсіз).

**REFERRAL** – Бөлмеде қонақтың келесі келгенге дейін жеке мүлкінен бірдеңе қалған кездегі брондау жүйесі.

**RESIDENTAL HOTEL** – Үйді немесе резиденцияны өз меншігіне айналдыратын бұрыннан тұрақтап келген қонақтармен айналысатын қонақ үй.

**REST HOUSE** – Шағын қонақ үй.

**REVALIDATION STICKER** – Жасалуға тиісті жаңа броньды білдіретін ұшу купонындағы ресми жазба.

**ROOM BOARD** – Қонақ үйдегі нөмірі туралы ақпарат (шарттар, сервис, мүмкіндіктер).

**S**

**SAFE-DEPOSITBOXES** – Қонақтардың құндылықтарын, қолма-қол ақшасын сақтайтын қоймадағы жеке секция.

**SERVICE CHARGE (қызметтің бағасы)** – Әдетте 10-нан 20 пайызға дейін қызмет көрсету қызметіне еңбекақы төлеу шотына қосылады.

**SKIPPER** – төленбеген чекті тастап, жасырын түрде кеткен қонақ.

**STAND BY (күту)** – Расталған бронь жоқ, бірақ әуежайда ұшу мүмкіндігін күтетін жолаушы, ұшақтағы қону орындары соңғы минутта сатылымда пайда болатын кезін күтіп отырады. Көптеген авиакомпаниялар осындай жолаушылар үшін өте төмен баға ұсынады.

**T**

**TOURIST CLASS** – Басқаша экономикалық класс деп аталады. Мұндай класстағы нөмірінде қонаққа арналатын жеке ванна болмайды.

**TRANSIENT HOTEL** – басқа қонақ үй (тұрақты демалыс орны) дейінгі қысқа мерзімге қалатын транзиттік қонақтарға арналған қонақ үй.

### Қонақ үйлерде орналастыру түрлері

<b>DBL</b>	екі адамға арналған бір үлкен екі жататын төсек орны бар нөмір
------------	--

<b>DBL (TWIN)</b>	екі адамға арналған екі бөлек төсек орны бар нөмір
<b>SGL (SNGL)</b>	бір адамға арналған нөмір
<b>EXB (extra bed)</b>	+ 1 төсек орны
<b>TRPL</b>	үш адамға арналған нөмір
<b>CH</b>	12 жасқа дейінгі, бірақ бірқатар қонақ үйлерде – 15 жасқа дейінгі бала
<b>SGL + CH (2-6)</b>	1 ересек адам + 2 жастан 6 жасқа дейінгі 1 бала
<b>DBL + CH (2-6)</b>	2 ересек адам + 2 жастан 6 жасқа дейінгі 1 бала
<b>SGL + 2CHD (6-12)</b>	1 ересек адам + 6 жастан 12 жасқа дейінгі 2 бала
<b>DBL + 2CHD (2-6)</b>	2 ересек адам + 2 жастан 6 жасқа дейінгі 2 бала
<b>2ADL + 2CHD (2-6)(6-12)</b>	2 ересек адам + 2 бала (бірінші бала – 2 жастан 6 жасқа дейін, екінші бала – 6 жастан 12 жасқа дейін)
<b>2ADL + 2CHD(6-12)</b>	2 ересек адам + 6 жастан 12 жасқа дейінгі 2 бала
<b>Inf (infant)</b>	0-2 жылғы сәби
<b>Qdpl или TRPL+ EXB</b>	төрт адамға арналған нөмір
<b>TRPL+1CHD (2-6)</b>	үш орны бар + 2-6 жастағы бала (Family room)
<b>3 ad + 1 CHD (6-12)</b>	үш орны бар + 6-12 жастағы бала (Family room)
<b>3ad+2ch (2-6)</b>	үш орны бар + 2-6 жастағы 2 бала (Family room)
<b>3ad+2ch(2-12)(2-6)</b>	үш орны бар + 2 бала: бірінші бала 2-12 жастағы, ал екінші бала 2-6 жастағы (Family room)
<b>3ad+2ch(2-12)</b>	үш орны бар + 2-12 жастағы 2 бала (Family room)
<b>4ad+1ch (2-5)</b>	төрт орны бар + 2-5 жастағы бала
<b>4ad+1ch (6-12)</b>	төрт орны бар + 6-12 жастағы бала
<b>5ad</b>	5 адамға арналған нөмір

### Қонақ үйлердегі тамақтану түрлері

<b>Ер или BO (bed only)</b>	тамақтану кірмейді
<b>BB</b>	тек таңғы астар ғана
<b>HB</b>	жартылай пансион (сусынсыз таңғы ас және кешкі ас)
<b>HB+</b>	кеңейтілген жартылай пансион (жергілікті өндірістің сусындары бар таңғы ас және кешкі ас)
<b>FB</b>	толық пансион (таңғы ас, түскі ас және сусынсыз кешкі ас)
<b>FB+</b>	тамақ ішу кезіндегі тек жергілікті өндіріс сусындары бар кеңейтілген толық пансион
<b>mini All Inclusive</b>	жергілікті өндірістің сусындары шектеулі мөлшерде берілетін толық пансион
<b>AI (All Inclusive)</b>	күн бойы тамақтану, жергілікті өндірістің сусындары шектеусіз мөлшерде беріледі (барлығы қосылған)
<b>Ultra All Inclusive</b>	күн бойы тамақтану, соның ішінде импорттық сусындар (спирттік) + қонақ үй әкімшілігінің қарауына байланысты қосымша қызметтер болуы мүмкін
<b>Elegance All Inclusive</b>	ultra All Inclusive түрлерінің бірі
<b>VIP All Inclusive</b>	ultra All Inclusive түрлерінің бірі
<b>Super All Inclusive</b>	ultra All Inclusive түрлерінің бірі
<b>Deluxe All Inclusive</b>	ultra All Inclusive түрлерінің бірі
<b>VC All Inclusive</b>	ultra All Inclusive түрлерінің бірі
<b>Superior All Inclusive</b>	ultra All Inclusive түрлерінің бірі
<b>Mega All Inclusive</b>	ultra All Inclusive түрлерінің бірі

<b>Superior All Inclusive VIP service</b>	ultra All Inclusive түрлерінің бірі
<b>Royal class All Inclusive</b>	ultra All Inclusive түрлерінің бірі
<b>Ultra Deluxe All Inclusive</b>	ultra All Inclusive түрлерінің бірі
<b>Extended All Inclusive</b>	ultra All Inclusive түрлерінің бірі
<b>Excellent All Inclusive</b>	ultra All Inclusive түрлерінің бірі
<b>Max All Inclusive</b>	ultra All Inclusive түрлерінің бірі
<b>High Class All Inclusive</b>	ultra All Inclusive түрлерінің бірі
<b>Imperial All Inclusive</b>	ultra All Inclusive түрлерінің бірі
<b>Continental breakfast</b>	жеңіл таңғы ас (кофе немесе шай, шырын, тоқаш, май және джемнен тұрады)
<b>English breakfast</b>	толық таңғы ас (әдетте жеміс шырыны, ветчина бар қуырылған жұмыртқа, тост, май, джем, кофе немесе шай қамтиды)
<b>American breakfast/buffet</b>	континентальды таңғы астың аналогы + түрлі кесінділер (шұжық, ірімшік) және ыстық тағамдар (омлет, сосиски)
<b>A-la Carte («а-ля карт»)</b>	әр тағамның жеке бағасымен көрсетілген мәзір
<b>Питание по меню</b>	теңіз өнімдерінен басқа мәзірден тағамдардың шектеулі саны
<b>Ер или BO (bed only)</b>	тамақтану кірмейді

### Нөмірлер түрлері

<b>1 BDRM</b>	бір жатын орны бар апартамент
<b>2 BDRM</b>	Екі жатын орны бар апартамент
<b>Apartment</b>	тамақ дайындауға арналған орындарды қамтитын қазіргі заманғы қалауы бойынша пәтерге ұқсайтын қонақ үйдегі нөмірлердің түрі (тамақтану құны нөмірдің құнына қосылмайды); ас үйі бар екі және одан да көп бөлмелі пәтер
<b>Balcony Room</b>	балконы бар нөмір
<b>BG (bungalow)</b>	бунгало – туристерді орналастыру үшін пайдаланылатын жеке құрылыс, тропикалық және оңтүстік елдерде жиі ұсынылады
<b>Cabana</b>	негізгі ғимараттан бөлек тұрған және кейде жатын бөлме ретінде жабдықталған бунгало типті жағажайдағы (немесе бассейн жанындағы) құрылыс
<b>De Luxe</b>	жоғары жайлылығы бар нөмірлері
<b>Duplex</b>	екі қабатты нөмір
<b>Executive floor</b>	жоғары қызмет көрсету деңгейі бар, сондай-ақ қосымша қызмет көрсету жиынтығы бар қонақ үйдегі бір немесе бірнеше қабат
<b>Family Room</b>	стандартты нөмірден кеңдеу отбасылық нөмірі (жиі екі бөлмеден тұрады)
<b>Honeymoon Room</b>	жас жұбайларға арналған нөмір
<b>HV (Holiday Village)</b>	бунгало кешені бар қонақ үй
<b>King-size Bed</b>	«корольдік төсек орны» (ені 180 см-ден астам)

<b>King Suite</b>	«корольдік сьют»
<b>MB (main building)</b>	негізгі ғимарат
<b>New Building</b>	жаңа корпус
<b>Sitting area</b>	демалыс аймағы-креслолар, журнал үстелі, кейде диван болатын нөмірдің бір бөлігі
<b>Standard</b>	стандартты бөлме
<b>Studio</b>	стандартты нөмірден кеңдеу, шағын төмен қалқасы бар бір бөлмелі нөмір немесе бөлмемен біріктірілген шағын ас үйі бар бір бөлмелі пәтер
<b>Suite</b>	жоғары жайлылығы бар нөмір, әдетте демалыс аймағы бар бір үлкен бөлмеден тұрады
<b>Suite Executive</b>	екі жатын бөлмесі бар сьют
<b>Suite Junior</b>	жоғары жайлылығы бар нөмір; әдетте, күндіз қонақ бөлмесі болып өзгертілетін бос жатын орны бар үлкен жайлы бөлме
<b>Suite Mini</b>	жақсартылған санаты бар нөмір (Superior-ға қарағанда жақсы)
<b>Suite Senior</b>	жоғары жайлылығы бар нөмір, әдетте, екі бөлмелі: қонақ және жатын бөлмелері
<b>Superior</b>	стандартты бөлмеден үлкен бөлме
<b>Superior Chalet</b>	жоғары жайлылығы бар шале
<b>Superior/Main Building</b>	негізгі ғимараттағы үлкен бөлме
<b>Connected Rooms</b>	есік-біреуден екіншісіне өту жолы бар бірлескен нөмірлер

#### Нөмірден ашылатын көрініс

<b>Beach view</b>	жағажайға көрініс
<b>City view</b>	қалаға көрініс
<b>Dune view</b>	күмды дюналарға көрініс
<b>Garden view</b>	бақшаға көрініс
<b>Land view</b>	айналаға көрініс
<b>Mountain view</b>	тауларға көрініс
<b>Ocean view</b>	мұхитқа көрініс
<b>Pool view</b>	бассейнге көрініс
<b>River view</b>	өзенге көрініс
<b>Sea Side view (SSV)</b>	теңізге бүйірлік көрініс
<b>Sea view</b>	теңізге көрініс
<b>Valley view</b>	алқапқа көрініс
<b>ROH (run of the house)</b>	нөмір түрін және терезеден ашылатын көрінісін анықтаусыз қонақ үйге орналастыру